



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

**5 ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023**

Түркістан облысы Созақ ауданының
ӘКІМІН САЙЛАУ
ВЫБОРЫ АКИМА
Созакского района Туркестанской области

Жедел желі ауыл жастарын қолдайды

Өңірлерде жастарды қолдау бағытындағы жедел желі жұмыс істеп тұр. Мұнда мамандар 35 жасқа дейінгі азаматтарға мемлекеттік бағдар-

және жеке қолдау шаралары түсіндірілетін бұрыштар ұйымдастырылады. Сондай-ақ қоғам белсенділері кейбір облыстарға қарасты ауылдық

тыңдаушыларына SMM, таргет, маркетинг, интернет-коммерция, кәсіпкерлік, бизнес-жоспар әзірлеу негіздері, түрлі мемлекеттік бағдарламалар туралы айтып береміз. Бүгінге дейін біздің курстардан Маңғыстау облысының Қарақия ауданына қарасты ауылдардың жастары өтті. 200-ден аса адам оқумен қамтылды. Жақын арада оқыту шараларын Түркістан облысының Шардара ауданы мен Шымкент қаласында өткізуді жоспарлап отырмыз», деді жоба жетекшісі Айгүл Абдуалиева.

Бүгінде жастарға «Қазақстанның экологиялық қоры» 60-тан астам кеңес берген. Жоба жұмысы келер жылдың аяғында қорытындыланбақшы. Оған дейін екі қолға бір күрек таппай себепсіз сенделгендерге, баспанасыз сандалғандарға ақпараттық көмек +7 771 072 47 90 нөміріне қоңырау шалу арқылы да қолжетімді.

«Жедел желінің көмегімен жыл соңына дейін ауылдық жерлерде тұратын жастарға 100-ден астам кеңес беруді жоспарлап отырмыз. Бүгінге дейін біз 65 адамға тиісті консультация бердік. Жастарды негізінен «Бастау бизнес» гранттарын, жылдық 2,5 пайыз жеңілдігі бар шағын несие алу мәселесі қызықтырады», деді А.Абдуалиева.



ламалар арқылы жұмысқа тұру, тұрғын үй алу, жеңілдігі бар несиеге ілігу сынды мәселелер бойынша тегін кеңес береді.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Қазақстанның экологиялық қоры» «Кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік және жеке қолдау шаралары туралы ауылдық аумақтардағы жастардың хабардарлығын арттыру» жобасын іске асырып келеді. Бағдарлама аясында ауылдарда арнайы жастар үшін кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік

жерлерде NEET санатындағы азаматтарға арналған көшпелі дәрістер мен семинарлар өткізеді. Осылайша еңбек нарығындағы трендтер мен перспективалы кәсіптер туралы жан-жақты ақпарат беріліп келеді.

«Жоба аясында біз NEET жастарының үлесі жоғары өңірлердегі ауылдарда тұратын жастарға арнап қысқарған мерзімді курстарды ұйымдастырамыз. Мұнда 35 жасқа дейінгі жастар жұмыс іздеу, бизнес жүргізу дағдыларын, сондай-ақ цифрлық дағдыларды тегін меңгереді. Курс

Президент «Шелл» концернінің жиынына қатысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы «Шелл» концернінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты.

Президент салтанатты шарадағы сөйлеген сөзінде халықаралық «Шелл» энергетикалық концерні еліміздің мұнай-газ өнеркәсібі сала-

денсаты кен орындарының бірі – Қарашығанақтың операторы саналады. Қарашығанақты кеңейту жобасының кезеңдерін уақтылы іске асыру сыйық көмірсутегін өндіруді 10-11 миллион тонна деңгейінде сақтауға ықпал етеді. «Шелл» концернінің және басқа да акционерлердің



сындағы алғашқы шетелдік инвесторлардың бірі екенін айтты. Мемлекет басшысы «Шелл» концернінің Қазақстандағы қызметінің 30 жылдығы сала тарихындағы маңызды кезең саналатынын да жеткізді.

«Қиын-қыстау жылдары «Шелл» экономикамызға қомақты инвестиция құйып, жаңа технология, ғылыми жетістіктер мен басқарудың баға жетпес тәжірибесін әкелді. Біз компанияның бұл еңбегін жоғары бағалаймыз. Соңғы 30 жылда «Шелл» ел экономикасына 18 миллиард доллардан астам инвестиция салып, Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвесторлардың бірі ретіндегі позициясын нығайтты», – деді Мемлекет басшысы.

«Президент «Шелл» концерні басқа да серіктестермен бірге елімізде ауқымды мұнай-газ жобаларын белсенді жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Компания әлемдегі ең ірі мұнай-газ кон-

үйлесімді жұмысы Қашағанның «ғасыр жобасын» іске қосуға мүмкіндік берді. Бүгінде Солтүстік Каспий жобасы жаһандық энергия нарығында маңызды рөл атқарады және еліміздегі мұнай өндірісінің 20 пайызын қамтиды. Көмірсутегін өндіруден басқа, оларды әлемдік нарықтарға тасымалдау үшін инфрақұрылым құрудың маңызы зор. Бұл бағыттағы алғашқы табысты жоба – Каспий құбыр консорциумы. Оны жүзеге асыруға «Шеврон», «ЭНИ», «Шелл», «Лукойл» және тағы басқа жетекші мұнай компаниялары қатысты», – деді Президент. Мемлекет басшысы Қазақстанда трансұлттық мұнай-газ корпорацияларының еңбек етуі еліміздің жоғары инвестициялық тартымдылығын көрсететінін, соның ішінде инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытындағы заңнаманың тұрақты сақталатынын айтты», делінген хабарламада.

eGov mobile қосымшасында ерлізайыптылардың нотариалды куәландырылған келісімін онлайн рәсімдеу мүмкіндігі пайда болады.

Әділет министрлігінің, республикалық нотариаттық палата мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелері арасындағы интеграция азаматтарға нотариусқа бармай-ақ нотариат куәландырған құжаттарды бірнеше минут ішінде алуға мүмкіндік береді. Ерлізайыптылардың келісімін талап ететін құжаттарды рәсімдеу eGov mobile қосымшасының «eNotary» бөлімінде қолжетімді. Қызметті пай-

Қосымшадағы жаңа қызмет

далану үшін онлайн режимде биометриялық тексеруден өту керек. Нотариус тұтынушының деректерін тексергеннен кейін келісім расталса, нотариалды куәландырылған құжат жасалады. Бейнеқоңырау аяқталғаннан кейін пайдаланушы «Нотариаттық іс-әрекеттер» бөлімінде өтінімнің мәртебесін көре алады. eGov mobile қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөліміндегі QR кодты ска-

нерлеу арқылы бейнекамераның көмегімен ресми куәландырылған сенімхаттың түпнұсқалығын тексеруге де болады. Жаңа сенімхат «Цифрлық құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

– Биыл сәуір айында eGov mobile қосымшасында «eNotary» қызметі іске қосылды әрі қазіргі кезде ол сұранысқа ие қызметтердің қатарында. Азаматтардың осы қызметті пайдалана отырып, әлемнің кез кел-

ген нүктесінен қажетті құжатты куәландыруға мүмкіндігі бар. Бұл қызмет ыңғайлы, өйткені құжаттарды рәсімдеуге нотариусты іздеп, оған барудың қажеті жоқ. Енді ерлізайыптылардың келісімін бірнеше минут ішінде онлайн режимде алуға болады», – деді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

«Созақ үні» - ақпарат.

Тұрғындар назарына!



Жер қойнауын заңды пайдаланайық

Созақ ауданы бойынша заңды келісім шартпен 8 жер қойнауын пайдаланушы, лицензиясы бар 3 жер қойнауын пайдаланушы, барлығы 11 жер қойнауын пайдаланушылар тіркелген. Оның ішінде:

тұз өндіру бойынша- 5 кен орны,
құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша- 3 кен орны,
саз топырақ өндіру бойын-



ша- 1 кен орны,
қалдықтарды сақтап және көму бойынша- 2 кен орны бар.

Созақ аумағындағы 2023 жылы заңсыз жер қойнауын өз бетінше пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау жөніндегі аудандық жұмысшы топтың іс-шара жоспары аудан әкімімен бекітілген. Заңсыз жер қойнауын пайдалану себептерін анық-

тау және оларды жою мақсатында Созақ ауданы әкімінің 22.05.2023 жылы №35 өкімімен жұмысшы топ құрылды.

2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Созақ ауданы әкімінің 22.05.2023 жылғы өкімімен құрылған жұмысшы топ құрамы жыл басынан бері 15 рейдтік шара ұйымдастырды және жұмысшы топтың жиналыстары өткізілді.

Ағымдағы жылы 26 қыркүйек күні жұмысшы топтың жиналысы өткізіліп, жұмысшы топтың төрағасы аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалды хаттамалық тапсырмалар берді. 28-29 қыркүйек күні облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мамандары мен маркшейдер мамандар келіп аудан аумағында орналасқан заңды карьерлерді аралап жер аумағынан шығып кетпеуін бақылап саралау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесі алдағы уақытта хабарланатын болады.

Құрметті аудан тұрғындары аудан көлемінде заңсыз жер қазу фактілерін байқасаңыздар 102 арқылы Созақ АПБ-не және 87000260052 сенім телефоны арқылы хабар берсеңіздер болады. Табиғатты аялайық!

Созақ ауданы әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

2023 жылдың 13 сәуірінде Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының № 137 бұйрығымен Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидалары, сондай-ақ Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидалары (бұдан әрі - Бұйрық) бекітілді.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне күзгі дала жұмыстарына дизель отынын белгіленген операторлар тарапынан агроқұрылымдарға таратуды <https://bpm.gosagro.kz/auth/login>. ақпараттық жүйеге кіру электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дизель отынын жеткізуші оператор «Ай Бегім» ЖШС, сот: 8-775-993-94-95-Жеңісхабарласып аласыздар.

Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Ауыл Аманаты» бағдарламасының орындалу барысы туралы аудан әкімдігінің ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов хабарлады. Хабарлама барысында жобаның 1-ші бағыты – өсімдік шаруашылығы, 2-ші бағыт – мал шаруашылығы, 3-ші бағыт – құс шаруашылығы, 4-ші бағыт – балық шаруашылығы, 5-ші бағыт – ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін жабдықтау, 6-шы бағыт – өз кәсібін ашу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

Қазірді таңда пилоттық жобаға 221 азамат құжат өткізді. Оның ішінде 173 азаматтың құжаты 924 млн. 310 мың теңгеге мақұлданып, 125 азаматқа 647 млн. 510 мың теңгеге жеңілдетілген несие берілді. Атаулы әлеуметтік көмек алушы 4 азамат 17



млн. 650 мың теңгеге несие алып, кәсібін ашуға мүмкіндік алды.

Күн тәртібінде қаралған келесі мәселе көп қабатты тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, білім беру мен денсаулықты сақтау ұйымдарының жылу беру маусымына дайындықтары жөнінде аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Ербол Аманов баяндады. Бұл жөнінде жауаптыларға нақты

тапсырмалар жүктелді. Сондай-ақ Таукент, Қызылорда кенттеріндегі орталықтандырылған жылу қазандықтарындағы жөндеу жұмыстары мен онда қажетті қатты және сыйық отынның жеткізілу барысын назарға алды.

Аудан басшысы салаға жауапты мамандарға жиында қаралған мәселелер бойынша қажетті шараларды сапалы әрі уақытында атқаруды және осы бағыттағы жұмыстарды әр кез бақылаудан шығармауды ескертті.

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 1147 қаулысымен бекітілген әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозициямен ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде, 2023 жылдың 29 қыркүйек күні Созақ ауданы әкімі аппаратында «Ашық есік күні» акциясы ұйымдастырылды.

Ашық есік күннің негізгі мақсаты-халықтың көкейтесті мәселелерін зерттеп, оларға заңды түрде түсініктеме беру.

Аталған іс-шараға аудан тұрғындары



өздерін толғандырған мәселелері бойынша сауалдары мен өтініш-тілектерін жеткізді.

Соның ішінде, жұмыс сұраушыларға бүгінгі таңда Созақ аудандық Мансап орталығы филиалы арқылы немесе электронды еңбек биржасы арқылы бос жұмыс орындары ұсынылатындығы және өзге де мәселелер бойынша тиісті кеңестер берілді.

«ТӘРБИЕЛІ ЖАСТАР—ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ»



Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының ұйымдастыруымен ауданның барлық білім беру ұйымдарындағы көмелетке толмағандардың қатысуында «Тәрбиелі жастар – қауіпсіз қоғам» атты форум өтті.

Аталған шарада аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов арнайы сөз сөйлеп, жастардың қоғамдағы орнының маңыздылығына айрықша тоқталып өтті.

Сонымен қатар, шараға арнайы қатысқан аудан прокуроры Ержан Қожабеков,

аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев жалынды жастарға деген ізгі тілегін арнап, аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Ержан Нұрғазиев қоғамдық тәртіптің жай-күйі және полиция жұмысы туралы баяндама жасады. Баяндама барысында жол қауіпсіздігін сақтау бойынша рейдтік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып, мектептерде құқық қорғау, төтенше жағдайлар, медицина, психолог мамандарының қатысуымен кездесулер ұйымда-

стырылғанын айтып өтті.

Сондай-ақ елдің үмітін арқалап, мақтанышына айналған, жастарға үлгі-өнеге болып жүрген спортшыларымыз ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бокстан әлем чемпионы Біржан Жақып және спорттың бірнеше түрінен спорт шебері атанып, Халықаралық спорттық жарыстарда биік белестерден көрініп жүрген Ақбар Елубайұлы жастарды білімге құштар болуға, спортпен шұғылданауға, руханият орталығының мәртебесіне лайықты, өнегелі болуға шақырды.

Айта кетейік, ұйымдастырылған форумның басты мақсаты оқушылар арасында құқық бұзушылық профилактикасы, жазатайым оқиғалар және өзге де өзекті мәселерді болдырмау, олардың алдын алу болып табылады.

Шара аясында тағылымдық мәні зор сахналық көрініс қойылып, аудан аумағындағы білім беру ұйымдарында білімі мен білігін қатар алып жүрген белсенді оқушылар арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Ардагер кітапханашы Шерімбетова Айымкүл Төлегенқызы 1953 жылы тамыздың 15 күні Күмісті колхозында дүниеге келген. Еңбек жолын оныншы сыныпты бітірісімен Қаратау ауылының орталығында клуб меңгерушісі болып қызмет атқарған. Одан бөлек, сауда саласында қызмет етеді. Белсенді келіншек 1974 жылдың тамыз айынан бастап Калинин кеңшарына қарасты Қарабұлақ елді мекеніндегі кітапханада 1997 жылға дейін қызмет атқарады. Республикалық «El Qurmeti» қоғамдық қорының шешімімен еселі еңбегі үшін «Ұлағатты Әже» медалімен марапатталған. Отбасында екі қыз, бір ұлынан немере-шөберелер сүйіп отырған бақытты әже.



Қаратау көз жетпейтін биігісің,
Ортасында сарқырап ағып жатқан,
Көкбұлақ – киелі жер біздер үшін.

Түс көрген тәріздей-ау бала-шағам,
Тәңірім сенен қуат берді маған.
Ойыннан сауық-сайран салып жүрген,
Бала-шаға, немерем қалды-ау жылап.

Аллаға шүкіршілік етеміз де,
Тағдырдың салғанына көнемізде.
Асқанда жарты ғасыр ортасынан
Бақилық боп әп-сәтте көткенің бе?!
Жәннатта болсын жаным сенің жан жолдасым!

Немереме

Құсасын көңілімді бір ақтарып,
Тығылам құшағыңа құлап барып.
Бетіме тиеді сенің ыстық жасың,
Содан соң бекіп алдың қуаттанып.

Содан соң серпілдің де күлімдедің,
Жаныма жылы тиіп, үнің, демің,
«Ғұмырлы бол! Бақытты бол!» Бүгін міне,
Мүшел жасқа толдың «күнім» менің.

Нұр шашып жалындаған көзің сенің,
Есімде сондағы айтқан әрбір сөзің.

Шарықтай бер Созақтың күннен күнге...

Созақ ауданының 95 – Жылдығына

Алты алаштың төрінен орын алған,
Созағым тарихта аңыз болған.
Жайлаған Бетпақдала алтын, мұнай,
Қарабура, Саңғыл билер жайлаған жер.

Кім білмейді әсем сұлу Ақсұмбені,
Алты алаштың аруы Ақбикеһі.
Бойынан бар қасиет табылатын,
Қаратау қандай едің мейірімді.

Жәнібек – Керей басқан жер Созақ,
Арқаға алаш асқан жер Созақ.
Ысқақбаб пен Шашты – Әзіз жатыр,
Құлыншақ ақын, Шәді төрелер,
Уыстап жырын шашқан жер Созақ.

Ақсұмбе Сұлтанбектің туған жері,
Сарырақа қазағымның қайнар көзі.
Бәйгеге басын тіккен елі үшін,
Сендей болсын қазақтың әрбір ері.

Ауданым толды міне тоқсан беске,
Шықты ғой ғалым, ақын бәрі бізде.
Тарихта мұра болып қала береді,
Шарықтай бер Созағым күннен күнге.

Туған жер

Туған жер қандай көркем мөлдіреген,
Желегі желмен ойнап желбіреген.
Аралап күндіз-түні жүрсем – дағы,
Тыңшымай ет жүрегім елжіреген.

Ыстық қой қараторғай, өзендерім,
Саяңда сайрап өскен өрендерің.
Мен едім соның бірі бір қыздарың,
Әлі де аз сіңірген өз еңбегім.

Қашанда қарыздармын елім саған,
Анамсың алыс жүрсем көп аңсаған.
Жүректің арнап ыстық махаббатын,
Туған жер берерім көп менің саған.

Алысқа жетелейді сенім деген,
Арманына жетеді ерінбеген,
Біз ұмтылған ауылдың асулары,
Бізге сонда биік боп көрінбеген.

Шіркін өмір арнасымен ағатын,
Санамыздан жалын болып шашатын.
Балалық шақ, бал дәуреннің өткенін
Ой арманның тізбегінен аламын.

Анама

Бесігімді тербеттің ғой сан тұрып,
Есімімді айттың ана ән қылып.
Енді міне есейсемде мен саған,
Перзентің боп қала берем мәңгілік.

Аяладың мәпеледің сөзіңмен,
Мейірім мен шуақ көрем көзіңнен.
Жер жаһанның асыл затын жисамда,
Таппас едім асыл жанды өзіңнен.

Сондықтан да бізге керек күлгенің,
Ана сыйы, табиғаты дүрмегің.
Шуақ нұрға айналды ғой көркемің,
Жарасар еді ортамызда жүргенің.

Өтіп барады белгісіз күндер өтіп,
Дүниенің арбасын дөңгелетіп.
Анам жайлы жыр жазсам деуші едім,
Ән жолдары жарып шықты жүректен.

Менің анам басқа ұлттың қызы еді,
Соғыстың қайнап жатқан кезі еді.
Әкемнен госпитальда танысып,
Бас қосады өмір жолын бір кешіп.

Әр ата-ана армандайды баласын,
Биік шыңнан көрінсе деп дара шың.
Сол арманы орындалып анамның
Ұл-қыздары өсіп, өнді дара шың.

Жолдасым Тұрсынбекке

Мойымай қатал тағдыр салмағына,
Еңбек өттің жетем деп арманыңа.
Көкбұлақтың шалғынын кешіп өстің,
Ата-баба соңында қалған мұра.

Ойын құрап, жауынның тамшысынан,
Асығың түсіп жүрді-ау алшысынан.
Жігіттердің бірі едің өз ортаңда,
Орның қалды-ау ойсырап ортасында.

Мыңжылқы, Келіншектау тірі мүсін,

Жаттап та, хаттап алған соның бәрін,
Балалық, мөлдір көңіл, алғыр сезім.

«Енді, міне, жігіт болдың,
Жұлдызы биік болар үмітті елдің.
Өмірдің жақсысында, тапшысында,
Қазірден жетші барлап, ұғып көргін.

Уақыттың ойланатын жетті міне,
Өмірдің тек мұқалма тепкініне.
Жетерсің мұратыңа алданбасаң,
Көйлектің көктігіне, көптігіне.

Талабың таудау болсын, қарашығым,
Қаттай бер көңіліңе жан асылын.
Жігітке талап бітсе – қанат бітер,
Сол ғана – сенің жалғыз жанашырың.

Есімде кішкентайдан алқынғаның,
Сәуірдің самалындай жарқылдадың.
Қынынан жаңа ғана суырылған,
Жалаңаш қылыштай жарқылдадың.

Досым Гүлзакираға

Маңғаз досым, Гүлзакираш сырласым,
Сырғытайын сырымды мен жырлайын.
Сендей серік мендей досың бір жүрсө,
Мен өмірде қалай мәңгі тұрмаймын.

Жаным құмар жан болдым ғой достыққа,
Болдың серік адал жүрек қостыққа.
Қайран – достық дүниенің тұлғасы,
Жанымды жалынға біз тостыққа.

Досым менің Гүлзакираш ұстазым,
Жақсылықпен күшті достық жырласын.
Жай бір жанмын өмірдегі мен жүрген,
Болшы досым, болшы құрбым, сырласым.

Ризамын Гүлзакира мен саған,
Сол еді ғой арманым көп аңсаған.
Келемін кең дүниені еркін басып,
Биікке өрлеп шықтық, біз аңсаған.

Достар қайда жүрсіңдер, қай қалада?
Менде келе жатырмын сай-салада.
Жеттік міне жетпістің жетегіне,
Арман жоқ бұдан артық бізге дара.

**Айымкүл ШЕРІМБЕТОВА,
Шолақорған ауылы.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер:
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары
4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай